

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Бірлік – береке бастауы, ел іргесінің мызғымас негізі. Адамзат баласын биік белестерге жетелеген ең ұлы құндылықтардың бірі де – осы ынтымақ. Қазақ халқы ежелден бұл қасиетті ерекше қастерлеп, даналық сөздері мен мақал-мәтелдерінде кеңінен насихаттап келген. «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген нақылдың астарында тұтас ұлттың тағдыры жатыр.

Қай заманда болмасын ел ішіндегі татулық пен келісім – тұрақтылықтың басты тірегі. Өйткені алауыздық пен келіспеушілік кез келген мемлекеттің іргесін шайқалтып, бірлігін әлсіретеді. Осыны терең түсінген даналарымыз да елді ынтымаққа үндеген. Қаз дауысты Қазыбек би: «Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман», – десе, ұлы ойшыл Абай: «Бірдіңді, қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос», – деп, бірліктің маңызын айқын аңғартқан.

Қазақстан – түрлі этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастырған бейбітшілік пен келісімнің жарқын үлгісі. Тарихтың қиы кезеңдерінде тағдыр айдап келген ұлттар бүгінде қазақ халқымен бірге тату-тәтті өмір сүріп, ортақ Отанымыздың өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі этносаралық саясатты жүйелі түрде дамыту мақсатында 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бүгінде бұл бірегей институт елдегі тұрақтылық пен татулықтың символына айналды.

Ассамблеяның басты мақсаты – қазақ халқының топтастырушы рөлін негізге ала отырып, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, азаматтық бірегейлікті нығайту және этносаралық келісімді қамтамасыз ету. Биыл бұл құрылымның құрылғанына 31 жыл толып отыр.

(Жалғасы 3-бетте)



Коллаж авторы: Г. ЖАНСУЛТАН

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Татулық пен келісімді дәріптейтін бұл мейрам – тағдыр тоғыстырған, тәңір табыстырған қазақстандықтарды қашанда ізгілікке, бауырмалдылыққа үндейді. Қазақ елі – көп ұлтты қасиетті қоныс. Бүгінде тағдырдың соқпағымен кең-байтақ даламызда қоныс тепкен әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің қатары көп. Қонақжай халқымыз олардың барлығын құшақ жая қарсы алғаны да баршамызға мәлім. Соның арқасында бүгінде өзгелерге үлгі болардай ынтымағы жарасқан елге айналдық.

1 мамырды жыл сайын Бірлік күні деп атап өтеміз. Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен

жалпы ұлттық келісімнің мерекесі.

Бүгінгі таңда ауданымызда да түрлі ұлт өкілдері өзара сыйластық пен татулықта өмір сүріп, өңіріміздің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Бұл – бірлік пен тұрақтылықтың нақты көрінісі.

Құрметті жерлестер!

Мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт пен амандық тілеймін! Қашанда еліміздегі халықтар бірлігі жарасып, Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Азамат МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі



***Баспасөз – 2026**

«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін – 65574,
заңды тұлғалар үшін – 15574

Құрметті оқырман!

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана ала аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын!
Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ	
Жеке тұлғаға	Заңды тұлғаға
6 айға - 2272 теңге 66 тиын	6 айға - 3993 теңге 60 тиын
8 айға - 3030 теңге 21 тиын	8 айға - 5324 теңге 08 тиын

ҚАУЛЫ

№64

28.04.2026

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 81, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және Доссор кенті әкімінің 2025 жылғы 28 қарашадағы №06-08-12-02-6/1453 хатына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Доссор кентіне ойын алаңдарын және жүгіру жолы салу жоспарлануына байланысты, Доссор кенті, Қ.Құдабаев көшесінде орналасқан №19 көпхатерлі тұрғын үйдің ортақ үлестік меншік құқығындағы кадастрлық нөмірі 04-064-003-2668, жалпы көлемі 0,0312 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер учаскесінің ортақ үлестік меншік қатысушыларына мемлекет мұқтажы үшін жер

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

№65

28.04.2026

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 81, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және Доссор кенті әкімінің 2025 жылғы 28 қарашадағы №06-08-12-02-6/1453 хатына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Доссор кентіне саябақ салу жоспарлануына байланысты, Доссор кенті, Ж.Мұқтанов көшесінде орналасқан №70 көпхатерлі тұрғын үйдің ортақ үлестік меншік құқығындағы кадастрлық нөмірі 04-064-004-1885, жалпы көлемі 0,0312 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер учаскесінің ортақ үлестік меншік қатысушыларына мемлекет мұқтажы үшін жер

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

№66

28.04.2026

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 81, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және Доссор кенті әкімінің 2025 жылғы 28 қарашадағы №06-08-12-02-6/1453 хатына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Доссор кентіне балаларға арналған ойын алаңы мен воркаут алаңын салу жоспарлануына байланысты, Доссор кенті, Қ.Құдабаев көшесінде орналасқан №18 көпхатерлі тұрғын үйдің ортақ үлестік меншік құқығындағы кадастрлық нөмірі 04-064-003-2667, жалпы көлемі 0,0312 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер учаскесінің ортақ үлестік меншік қатысушыларына мемлекет мұқтажы үшін жер

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

№67

28.04.2026

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 81, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және Доссор кенті әкімінің 2025 жылғы 28 қарашадағы №06-08-12-02-6/1453 хатына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Доссор кентіне аллея саябағын салу жоспарлануына байланысты, Доссор кенті, М.Өтемісұлы көшесінде орналасқан №171 көпхатерлі тұрғын үйдің ортақ үлестік меншік құқығындағы кадастрлық нөмірі 04-064-003-2669, жалпы көлемі 0,075 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер учаскесінің ортақ үлестік меншік қатысушыларына мемлекет мұқтажы үшін жер

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

№68

28.04.2026

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 81, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және Доссор кенті әкімінің 2025 жылғы 28 қарашадағы №06-08-12-02-6/1453 хатына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Доссор кентіне әкімшілік ғимарат салу жоспарлануына байланысты, Доссор кенті, Ш.Еркешев көшесінде орналасқан №209 көпхатерлі тұрғын үйдің ортақ үлестік меншік құқығындағы кадастрлық нөмірі 04-064-003-2666, жалпы көлемі 0,03 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер учаскесінің ортақ үлестік меншік қатысушыларына мемлекет мұқтажы үшін жер

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін хабарласу ұсынылсын.

3. Аталған жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 28 шілде болып белгіленсін.

4. «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Қаулының орындалуын қадағалау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Б.Әбуовке жүктелсін.

учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін хабарласу ұсынылсын.

3. Аталған жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 28 шілде болып белгіленсін.

4. «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Қаулының орындалуын қадағалау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Б.Әбуовке жүктелсін.

учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін хабарласу ұсынылсын.

3. Аталған жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 28 шілде болып белгіленсін.

4. «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Қаулының орындалуын қадағалау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Б.Әбуовке жүктелсін.

учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін хабарласу ұсынылсын.

3. Аталған жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 28 шілде болып белгіленсін.

4. «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Қаулының орындалуын қадағалау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Б.Әбуовке жүктелсін.


учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін хабарласу ұсынылсын.

3. Аталған жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 28 шілде болып белгіленсін.

4. «Мақат аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Қаулының орындалуын қадағалау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Б.Әбуовке жүктелсін.

А.МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі



МАМЫР АЙЫНДА ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Р/н	Негіздеме (іс-шара атауы)	Іс-шара болатын орын, күні, уақыты	Іс-шараға жауапты мекеме немесе тұлға
1	2	3	4
1	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні «Бір шаңырақ астында»	Болашақ аллеясы 1 мамыр сағат 10.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
2	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бейбітшілік-ел бірлігі» атты мерекелік концерт	Доссор мәдениет үйі алаңы сағат 9.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
3	7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай аудандық «Екі жұлдыз» байқауы	Аудандық мәдениет үйі 8 мамыр сағат 19.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
4	9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «Ерлік – елге мұра» мәдени-көпшілік шарасы	Жеңіс паркі 9 мамыр сағат 9.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
5	9 мамыр – Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» атты мәдени көпшілік шарасы	Доссор мәдениет үйі 9 мамыр сағат 9.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
6	Кеңес Одағының Батыры жерлесіміз М.Баймұхановты еске алуға арналған еркін күрестен жасөспірімдер арасындағы республикалық ашық турнир	Мақат Балалар жасөспірімдер спорт мектебі 4-6 мамыр сағат 9.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
7	Ұлы Жеңіс күніне арналған аламан бөйге жарысы	Бөйгетөбе ауылдық округі Бөйге алаңы 9 мамыр сағат 10.00	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
8	Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні «Өнер әлемі»	Аудандық мәдениет үйі 21 мамыр	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
9	«Атырау Этно фест» фестивалі	Атырау қаласы 24-25 мамыр	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
10	ҚР-нің Халық әртісі, дирижер Р.Ғабдиевтің 90 жылдығына орай облыстық халықтық ұлт-аспаптар оркестрлерінің дирижерлер шеруі	26 мамыр Аудандық мәдениет үйі	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
11	Үйірмелердің есептік концерті «Өнер қанатында»	28 мамыр Аудандық мәдениет үйі	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі

НСОС барлық мүдделі тараптарды: «Атырау облысындағы құрлық кешеніне 2027 жылға қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 12 маусым, сағат 10:00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Г. Сулейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі»

Аумақтың географиялық координаттары: 47°15'19.980», 52°21'43.294». **Әсер ету аймағының географиялық координаттары:** Оңтүстік – ендік: 47°11'05.40», 52°31'13.20». Батыс – ендік: 47°14'13.94», 52°22'29.23». Солтүстік – ендік: 47°18'19.14», 52°33'18.98». Шығыс – ендік: 47°13'37.25», 52°35'03.62».

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады: <https://zoom.us/j/93044892266?pwd=ssP7BcYrKfolxcPoA2cQdP9teHx3Ci.1>

Конференция идентификаторы: 930 4489 2266 **Кіру коды:** 145289

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұл көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 27 03

Әзірлеушілер: «ЭКО-Астана НР» ЖШС, мекенжайы: Астана қ., Сығанақ көш., 58/1 үй, 10 кеңсе, эл. пошта мекенжайы: manager@ecoastana.kz телефон: +7(7172) 33 04 37

«ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода көш., 40 үй, эл. пошта мекенжайы: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7212) 42 56 17

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, atr_priroda@mail.ru, atr.priroda@atygau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atygau-ecodop@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atygau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

Қаперге!

АБАЙЛАҢЫЗ, АШЫҚ ТЕРЕЗЕ!

Балалардың терезеден құлауы – бұл қайғылы жағдайларға әкеп соғатын үлкен қауіп. Мұндай оқиғалардың алдын алу үшін келесі маңызды қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Терезе блоктағыштары: Терезенің толық ашылуына жол бермейтін, тек желдету режиміне ғана мүмкіндік беретін арнайы құлып бар тұтқалар немесе бекіткіштер орнатыңыз; Шектегіштер: Терезенің тек белгілі бір қашықтыққа (мысалы, 10-15 см) ғана ашылуын қамтамасыз ететін металл тростарды қолданыңыз;

Торлардың алдамшы қауіпі: Москит торлары баланы ұстап тұра алмайды. Керісінше, бала торға сүйенсе, ол бекіткіштермен бірге сыртқа құлап кетуі мүмкін. Торды ешқашан қорғаныс құралы ретінде көрмеңіз; Терезенің жанында тұрған дивандарды, үстелдерді, орындықтарды немесе шкафттарды алшақ қойыңыз;

Бала жиһазға өрмелеп, терезе алдына оңай шығып кетпеуі керек; Балаға терезенің жанында ойнауға болмайтын түсіндіріңіз; Терезе алдына шығып,

сыртқа қараудың қауіпті екенін кішкентай кезінен санасына құйыңыз; Егер балаңыз кішкентай болса, оны терезе ашық тұрған бөлмеде ешқашан жалғыз қалдырмаңыз; Терезені толық ашқанша, жоғарғы фрамуганы немесе форточканы қолданған дұрыс;

Қазіргі заманғы пластик терезелерді "микро-желдету" режиміне қойыңыз; **Ата-аналарға ескерту:** Қайғылы оқиға бірнеше секундтың ішінде болуы мүмкін. Ең сенімді әдіс – терезелерге арнайы темір торлар немесе құлыптар орнату. Бұл шығын баланың өмірі мен денсаулығынан әлдеқайда арзан.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Коллаж авторы: Г. ЖАНСУЛТАН

Жарнама қабылдау телефондары:
3 07 66, 8 778 482 17 55